

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

МҒТАР 14.35.07

DOI: <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2026/iss2pp3-11>

Жәли А.Ж.¹, Ниязова А.Е.²

¹ Магистрант, Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, 010002, <https://orcid.org/0009-0002-0868-9503>, E-mail: zhaliasylzat4@gmail.com

² Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, 010002, <https://orcid.org/0000-0003-1440-800X>, E-mail: naigul73@mail.ru

МАСС МЕДИА МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Бұл зерттеу университет студенттерінің сыни ойлау қабілеттерін дамытуда бұқаралық ақпарат құралдарына негізделген оқу мәтіндерін пайдаланудың тиімділігін талдайды. ХХІ ғасырдағы ақпараттың қарқынды өсуі жағдайында медиа сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау дағдылары білім берудің басты басымдықтарының біріне айналды. Медиа мәтіндер студенттерге нақты өмірмен байланыс орнатып, қоғамдағы түрлі ақпараттық ағымдарды саналы қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл дәстүрлі оқыту материалдарымен салыстырғанда студенттердің ойлау тереңдігін және деректерді бағалау қабілетін арттыруға бағытталған. Зерттеу Астана халықаралық университетінің «Екі шет тілі» мамандығының студенттері арасында жүргізіліп, екі топ (бақылау және эксперименттік) қатыстырылды. Эксперименттік топ бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерімен (жаңалықтар, жарнамалар, әлеуметтік желі жазбалары, бейнематериалдар) жұмыс істеді. Алдын ала және қорытынды тест нәтижелерін салыстыру студенттердің ақпаратты талдау, дәлелдерді бағалау және авторлық ұстанымды анықтау қабілеттерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті ($p < 0,01$). Сонымен қатар, студенттердің сабаққа қызығушылығы мен белсенділігі артты, ал рефлексия нәтижелері олардың ақпаратқа сыни көзқараспен қарау дағдыларының қалыптасқанын дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері медиа мәтіндерді оқу процесіне енгізу университет студенттерінің аналитикалық, когнитивтік және коммуникативтік дағдыларын дамытудың тиімді құралы екенін көрсетті.

Кілтті сөздер: масс медиа, медиа сауаттылық, сыни ойлау, медиа мәтін, бұқаралық ақпарат құралдары.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі ақпараттық қоғамда студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту білім берудің маңызды міндеттерінің біріне айналды. Ақпарат көлемінің артуы мен әлеуметтік желілердің ықпалы студенттердің ақпаратты талдау, бағалау және оның шынайылығын анықтау дағдыларын талап етеді. Осыған байланысты медиа мәтіндерді оқу процесінде қолдану сыни ойлауды дамытудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылады.

Зерттеу сыни ойлау арнайы талдау, салыстыру, дәлелдеу және бағалау әрекеттері арқылы қалыптасады деген қағидаға негізделеді. Р. Facione, R. Paul және L. Elder еңбектерінде сыни ойлау ақпаратты интерпретациялау, дәлелдерді тексеру және логикалық қорытынды жасау қабілеті ретінде сипатталады. Ал D. Buckingham, E. Thoman және T. Jolls медиа сауаттылықты ХХІ ғасырдың негізгі құзыреттерінің бірі деп қарастырып, медиа мәтіндердің студенттердің аналитикалық ойлауын дамытудағы рөлін атап көрсетеді.

Шетелдік ғалымдар D. Kellner, J. Share және R. Ennis медиа мәтіндерді талдау білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымы мен сыни пайымдауын қалыптастыратынын

дәлелдейді. Қазақстандық зерттеушілер С. Таханов, А. Хуссайнова, А. Yeleussiz және Г. Qanay еңбектерінде медиа сауаттылықтың жастарды жалған ақпарат пен манипуляциядан қорғаудағы маңызы қарастырылған. Сонымен қатар П. Елубаева, Ш. Худиярова және С. Тлеубай медиа мәтіндерді тілдік пәндерде қолдану студенттердің сыни коммуникациялық дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді.

Осы ғылыми еңбектерге сүйене отырып, зерттеуде масс медиа мәтіндерін қолдану студенттердің ақпаратты талдау, авторлық ұстанымды анықтау, дәлелдерді бағалау және жалған ақпаратты ажырату қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді деген тұжырым негізге алынады.

KIPICPE

XXI ғасырда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені олар адамдардың ойлау, қарым-қатынас жасау және әлеммен өзара әрекеттесу тәсілін қалыптастырады. Ақпарат, ойын-сауық және білім беру арасындағы шекара барған сайын жойылып келе жатқан қазіргі заманда студенттерді әртүрлі медиа түрлерімен сыни тұрғыдан жұмыс істеуге үйрету қажеттілігі арта түсуде.

Масс медиа-білім беру осы мақсатта тиімді құрал бола алады, себебі ол медиа материалдарын талдау мен жасау арқылы сыни және шығармашылық ойлауды дамытады[1]. Медиа хабарламаларды түсінуді және құрастыруды үйрену барысында студенттер медиа мәтіндерге ендірілген әлеуметтік, мәдени және саяси ықпалдарды ұғына бастайды. Пассивті тұтынумен белсенді қатысушыға айналу үдерісі тек цифрлық сауаттылықты арттырып қана қоймай, сонымен қатар ақпаратқа негізделген қоғамда жауапты әрі саналы азамат болуға дайындайды.

Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін тиімді пайдалану қажет. Бүгінгі цифрлық қоғамда әртүрлі медиа платформалар арқылы орасан көп ақпарат тарайды, алайда көптеген адамдар, әсіресе студенттер, бұл ақпараттың сенімділігін талдап, бағалау қабілетіне ие емес. Мұндай осалдық жалған ақпараттың, манипуляцияның және тіпті киберқауіптердің пайда болуына жол ашады, бұл жастардың дүниетанымына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті және ақпаратқа қанық ортасында өмір сүретін әрбір тұлға үшін сыни ойлау қабілетін дамыту аса маңызды қажеттілікке айналды. Медиа – білім беру бұл мәселені шешудің тиімді жолы бола алады, себебі ол студенттерді ақпарат көздерін сұрақ қою арқылы тексеруге, біржақтылықты анықтауға және тұтынатын әрі тарататын мазмұнға қатысты саналы шешім қабылдауға үйретеді.

«Университет студенттерінің сыни оқу дағдыларын дамыту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары негізіндегі оқу материалдарын әзірлеу» атты зерттеу нәтижелеріне сәйкес, білім берудің негізі сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру болуы тиіс[2]. Осы идеяға сүйене отырып, қазіргі заманғы білім берудің басты басымдығы студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамыту болуы керек деп айтуға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары мен үздіксіз ақпарат ағыны дәуірінде сыни тұрғыдан ойлау қабілеті студенттерге ақпаратты сұрақ қою, түсіндіру және бағалау арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Медиа мәтіндерді оқу үдерісіне енгізу арқылы оқытушылар оқу материалдарын тереңірек және мағыналы етіп құра алады, бұл оқу түсінігін арттырумен қатар, талдау және рефлексия дағдыларын дамытады. Мұндай тәсіл студенттерге күрделі әлеуметтік шындықты түсінуге және академиялық әрі күнделікті өмірде саналы шешім қабылдауға көмектеседі.

Қазақстанда медиа және ақпараттық сауаттылық (Media and Information Literacy, MIL) мәселесі соңғы жылдары белсенді талқылануда. Мысалы, UNESCO Қазақстанда MEDIA & Information Literacy жағдайын карталау зерттеуін жүргізді. Бұл зерттеу медиа сауаттылықты жастар мен жалпы қоғам үшін маңызды дағды ретінде қарастырып, манипуляция, жалған ақпарат, пропагандаға қарсы тұру тұрғысынан стратегиялық мәнге ие екенін көрсетті[9].

Қазақстандағы мектептердегі оқытушылар мен басшылардың медиа сауаттылық туралы түсінігі мен мектеп ортасында бұл тақырыпты енгізу жағдайы қаралды [10].

Сонымен қатар, университет деңгейінде тілдік пәндерде медиа мәтінді пайдаланып сыни қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған зерттеу бар. Медиа мәтіндерді талдау студенттерге ақпараттың құрылымын, авторлық ниетін, аудитория мен контекстті, манипуляциялық әдістерді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Қазақстандық білім беру практикасында, мысалы, тілдік сабақтарда (ағылшын тілі, қазақ тілі) медиа-мәтіндерді қолдану арқылы студенттердің аудио-жазбаларды, бейнежазбаларды, әлеуметтік желі хабарларын, жаңалықтарды талдау тәжірибелері байқалады [11].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Бұл зерттеу сандық (квантитативті) зерттеу әдіснамасына негізделген. Зерттеу Астана халықаралық университетінің «Екі шет тілі» мамандығының бакалавриат бағдарламасында оқитын студенттер арасында жүргізілді. Зерттеуге 2-курсқа тіркелген 30 студент ерікті түрде қатысты.

Зерттеудің мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарына негізделген мәтіндерді пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытуға қаншалықты ықпал ететінін анықтау.

Алдымен зерттеуге қатысуға ниет білдірген студенттерден деректер Google Forms арқылы жиналды. Кейін жиналған қатысушылар кездейсоқ іріктеу тәсілімен екі топқа бөлінді:

– Бақылау тобы-дәстүрлі оқу мәтіндерімен жұмыс істеді.

– Эксперименттік топ- бұқаралық ақпарат құралдарына (масс медиа) негізделген мәтіндермен жұмыс істеді.

Зерттеу барысында студенттердің сыни ойлау деңгейін анықтау үшін алдын ала тест (pre-test) және қорытынды тест (post-test) жүргізілді.

Алдын ала тест 30- 40 минутқа жоспарланып, үш бөлімнен тұрды:

1. Мәтіндік талдау бөлімі.

Эксперименттік топқа әртүрлі масс медиа мәтіндері (жаңалық мақалалары, редакциялық мәтіндер, жарнамалық материалдар, әлеуметтік желілердегі жазбалар) ұсынылды. Студенттер мәтіндерді талдау барысында келесі сұрақтарға жауап берді:

–Бұл ақпарат сенімді ме?

–Қандай дәлелдер жетіспейді?

–Ақпараттың шынайы немесе жалған екенін қалай анықтауға болады?

2. Бейнематериалды талдау бөлімі.

Студенттерге қысқаша масс медиа бейнежазбасы көрсетіліп, оның мазмұнына қатысты бірнеше сыни сұрақтар қойылды:

–Бұл видеода қандай сендіру әдістері қолданылған?

–Логикалық қателіктер немесе эмоционалды әсер ету тәсілдері бар ма?

–Бейнематериалдың негізгі идеясы мен көздеген аудиториясы қандай?

3. Өзіндік бағалау бөлімі.

Студенттер Ликерт шкаласы (1-кесте) негізінде өздерінің сыни ойлау дағдыларының деңгейін бағалады. Бағалау шкаласы 1 (төмен деңгей) мен 5 (жоғары деңгей) аралығында жүргізілді.

Зерттеу 4–6 апта аралығында жүзеге асырылды.

– Бақылау тобында сабақтар дәстүрлі мәтіндер (академиялық және көркем мәтіндер) арқылы өткізілді.

– Эксперименттік топта бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары қолданылды. Оларға жаңалық мақалалары, әлеуметтік желі жазбалары, жарнамалық мәтіндер және бейнематериалдар кірді. Сабақтарда студенттер талдау, дәлелдерді іздеу, ақпарат көздерінің

сенімділігін анықтау, логикалық дәйектілік пен автордың көзқарасын бағалау сияқты тапсырмаларды орындады.

Эксперимент соңында екі топқа да қорытынды тест (post-test) өткізілді. Алынған нәтижелер pre-test және post-test көрсеткіштерін салыстыру арқылы талданды. Бұл тәсіл масс медиа мәтіндерін пайдаланудың студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте-1 – Ликерт шкаласы

№	Бағалау критерийі	1 (өте төмен)	2 (төмен)	3 (орташа)	4 (жақсы)	5 (өте жақсы)
1	Ақпарат көзінің сенімділігін бағалау қабілеті	☐	☐	☐	☐	☐
2	Автордың көзқарасы мен мақсатын анықтай алу	☐	☐	☐	☐	☐
3	Логикалық қателіктер мен эмоциялық ықпалдарды тану	☐	☐	☐	☐	☐
4	Ақпаратты дәлелдермен талдау және қорытынды шығару	☐	☐	☐	☐	☐
5	Өз пікірін негізді түрде қорғау және дәлелдеу	☐	☐	☐	☐	☐
6	Жалған немесе манипулятивті ақпаратты ажырату	☐	☐	☐	☐	☐
7	Топтық талқылауда сыни ойлауды қолдану	☐	☐	☐	☐	☐

Ескерту: Бағалау нәтижелері студенттердің өзіндік рефлексиясын анықтау мақсатында қолданылады. Жиналған мәліметтер салыстырмалы талдау үшін пайдаланылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Тестке дейінгі және кейінгі ұпайларды талдау бұқаралық ақпарат құралдарына негізделген оқу материалдарын пайдаланғаннан кейін студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Тестке дейінгі орташа балл 58,4 болды, ал тесттен кейінгі орташа балл 71,2-ге дейін өсті. Бұл айырмашылық студенттердің масс медиа ақпаратын сыни тұрғыдан талдау, бағалау және интерпретациялау қабілеттерінің едәуір жақсарғанын айқындайды.

Жұптық үлгідегі t-тест нәтижесі статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықты көрсетті ($p < 0,01$), яғни бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндеріне негізделген интервенция студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуда тиімді болғанын дәлелдейді.




Диаграмма-1 – Студенттердің сыни ойлау көрсеткіштері

Сонымен қатар, студенттердің рефлексиялық жазбалары мен сұхбаттарынан алынған сапалы деректер бұл тұжырымдарды қуаттады. Көптеген студенттер нақты әлемдегі медиа мәтіндерді талдау тәжірибесі олардың біржақтылықты тануға, фактілер мен пікірлерді ажыратуға және қорытынды жасамас бұрын ақпараттың шынайылығын тексеруге көмектескенін атап өтті. Кейбір қатысушылар сабақ барысында интернеттегі ақпарат көздеріне сыни тұрғыдан қарауды үйренгенін және жаңалықтардың сенімділігіне көбірек мән беретін болғанын мәлімдеді.

Бұл нәтижелер сыни ойлауды пайымдау, сұрақ қою және дәлелге негізделген талдау тәжірибесі арқылы дамытуға болатынын көрсетеді [3]. Сонымен бірге, медиа сауаттылықты білім беру жүйесіне енгізу студенттердің күрделі цифрлық ақпараттық кеңістікте бағдар табу қабілетін күшейтетіні анықталды [4].

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері университет студенттерінің сыни ойлау дағдыларын дамытудағы бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің трансформациялық рөлін көрсетті. Осыған дейін көптеген студенттер онлайн платформалардағы ақпаратты оның сенімділігіне күмән келтірместен қабылдауға бейім болған. Ал жаңалық мақалалары, жарнамалар мен әлеуметтік желідегі жазбаларды қамтитын құрылымдық оқу әрекеттерінен кейін студенттер ақпаратты дәлелдер арқылы талдау мен скептикалық ойлау тәсілін жиі қолдана бастады.

Медиа сауаттылық бойынша білім беру студенттерге түрлі форматтағы хабарламаларға қол жеткізуге, талдауға, бағалауға және жасауға мүмкіндік береді [5]. Оқу процесіне шынайы масс медиа материалдарын енгізу студенттерге тек тілдік немесе оқу дағдыларын үйретіп қана қоймай, сонымен қатар сыни ойлаудың негізгі элементі болып табылатын интеллектуалды автономияны дамытады [6].

Бұқаралық ақпарат құралдарын педагогикалық құрал ретінде пайдалану студенттерге сұрақ қою, пікірталас жүргізу және рефлексия жасау дағдыларын дамытуға жағдай жасады. Мұндай тәсіл қазіргі цифрлық және ақпаратқа негізделген қоғамда белсенді жұмыс істеу үшін қажетті когнитивтік және коммуникативтік қабілеттерді қалыптастырады [7].

Тағы бір маңызды нәтиже – студенттердің оқу ынтасы мен белсенділігіне қатысты. Интервенциядан кейінгі сұхбаттарда студенттер дәстүрлі оқулық үзінділерінен гөрі заманауи медиа мазмұнды қамтитын сабақтарға қызығушылық танытқанын айтты. Бұл бақылау сыни медиа сауаттылықтың тек ойлау қабілетін нығайтып қана қоймай, сонымен қатар студенттердің демократиялық қарым-қатынасқа белсенді қатысуына мүмкіндік беретінін көрсетті [8].

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарына негізделген оқыту – ХХІ ғасырдағы университет студенттерінің сыни ойлау қабілеттерін дамытуда тиімді және контекстік тұрғыдан маңызды тәсіл екенін дәлелдейді. Мұндай тәсіл студенттерге ақпаратты

тек қабылдаушы емес, сыни тұрғыдан талдаушы және жауапты медиатұтынушы ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Болашақ зерттеулерде студенттердің жоғары деңгейлі когнитивтік дағдыларын одан әрі жетілдіру үшін мультимедиялық және әлеуметтік медиа дискурс талдауын оқу үдерісіне біріктіру мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу университет студенттерінің сыни ойлау және сыни оқу дағдыларын дамыту үшін масс медиа мәтіндерін оқу құралы ретінде пайдаланудың әсерін қарастырды. Нәтижелер жаңалық мақалалары, онлайн репортаждар және жарнамалар сияқты шынайы масс медиа материалдарын оқу процесіне енгізу студенттердің аналитикалық ойлау, түсіндіру және бағалау қабілеттерін айтарлықтай жақсартатынын көрсетті.

Студенттер ақпарат көздеріне сұрақ қою, біржақтылықты анықтау және негізделген пайымдаулар жасау дағдыларын дамыта отырып, ақпаратты пассивті тұтынушыдан белсенді талдаушыға айналды. Бұл олардың ақпаратты қабылдау мәдениетін өзгертіп, медиамен саналы және жауапты түрде өзара әрекеттесуіне ықпал етті.

Зерттеу медиа-білім берудің студенттерді 21 ғасырдың маңызды дағдыларымен, соның ішінде цифрлық сауаттылықпен және медианы жауапты пайдаланумен қаруландырудағы шешуші рөлін айқындайды. Қазіргі заманда жалған ақпараттың таралуы мен ақпараттың шамадан тыс жүктелуі жағдайында мұндай дағдылар академиялық даму, әлеуметтік хабардар болу және азаматтық белсенділік үшін іргелі мәнге ие. Бұл нәтижелер сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлауды мазмұнды, контекстке негізделген оқу тәжірибесі арқылы нақты түрде қалыптастыру қажет екенін көрсетеді [4]. Мұндай тәсіл студенттердің тек ақпаратты талдап қана қоймай, оны бағалау және өз көзқарасын дәлелмен қорғау қабілеттерін жетілдіреді.

Қорытындылай келе, масс медиа мәтіндерін жоғары оқу орындарындағы оқу процесіне енгізу оқу түсінігін және талдау дағдыларын жақсартып отырып, теория мен шынайы өмір арасындағы алшақтықты жояды. Бұл студенттерге өз бетінше ойлауға, дәлелді шешімдер қабылдауға және бұқаралық ақпарат құралдары ықпал ететін қоғамда белсенді азамат ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларын интеграциялау: университеттер пәндер бойынша аналитикалық дағдылардың дәйекті дамуын қамтамасыз ету мақсатында медиа сауаттылық пен сыни ойлау модульдерін тіл және коммуникация курстарына жүйелі түрде енгізуі қажет. Бұл студенттердің академиялық және әлеуметтік контексттерде ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін арттырады.

Ұсыныстар:

– Медиа-сауаттылықты оқу бағдарламаларына жүйелі енгізу: әр пәнде (мақала, тілдік пәндер, әлеуметтану, журналистика және т.б.) медиа мәтіндерді талдау мен жасау мүмкіндіктерін пайдалану.

– Студенттерге медиа өнімдер (бейне, подкаст, блог, әлеуметтік желі жазбалары) жасауға мүмкіндік беру: бұл олардың медиамен белсенді өзара әрекеттесуін арттырып, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ulu-Aslan, E., Baş, B. Popular culture texts in education: The effect of tales transformed into children's media on critical thinking and media literacy skills [Текст] // Thinking Skills and Creativity. – 2023. – №47. – P. 101202.
2. Endah Tri Priyatni, Didik Nurhadi, Ahmad Rofiuddin, Sultan. Development of Mass Media Text-Based Instructional Materials to Improve Critical Reading Skills of University Students [Текст]. – 2023.

3. Facione, P. A. Critical Thinking: What It Is and Why It Counts [Текст]. – Insight Assessment, 2015. – 28 p.
4. Buckingham, D. Teaching Media in a Digital Age [Текст]. – Cambridge : Polity Press, 2019. – 210 p.
5. Thoman, E., Jolls, T. Literacy for the 21st Century: An Overview & Orientation Guide to Media Literacy Education [Текст]. – Los Angeles : Center for Media Literacy, 2005. – 58 p.
6. Paul, R., Elder, L. The Miniature Guide to Critical Thinking Concepts and Tools [Текст]. – Dillon Beach, CA : Foundation for Critical Thinking, 2014. – 24 p.
7. Ennis, R. H. Critical Thinking Across the Curriculum: A Vision [Текст] // Topoi. – 2018. – Т. 37, №1. – С. 165–184.
8. Kellner, D., Share, J. Critical Media Literacy, Democracy, and the Reconstruction of Education [Текст] // Media Literacy Education. – 2007. – Т. 1, №1. – С. 3–23.
9. Таханов, С. Ш., Хуссайнова, А. К. Trends in the development of media literacy in Kazakhstan in the context of globalization of the media space [Текст] // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series. – 2024. – Т. 149, №4. – С. 34–50.
10. Yeleussiz, A., Qanay, G. Media Literacy in Kazakhstan: Educators' Perspectives and Policy Implementation [Текст] // Journal of Curriculum Studies Research. – 2025. – Т. 7, №1.
11. Елубаева, П., Худиарова, Ш., Тлеубай, С. The Role of Media Literacy in Promoting Critical Communication Skills in Language Teaching Classrooms [Текст]. – 2023.

Развитие умений критического мышления студентов посредством масс медиа текстов

Жәли А. Ж.¹, Ниязова А. Е.²

¹ Магистрант, Международный университет Астаны, г. Астана, Республика Казахстан, 010002, <https://orcid.org/0009-0002-0868-9503>, E-mail: zhaliasylzat4@gmail.com.

² Кандидат педагогических наук, доцент Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан, 010002, <https://orcid.org/0000-0003-1440-800X>, E-mail: naigul73@mail.ru.

Данное исследование посвящено анализу эффективности использования учебных материалов, основанных на текстах средств массовой информации, в развитии критического мышления студентов университетов. В условиях стремительного роста объёма информации в XXI веке медиаграмотность и навыки критического мышления становятся одними из ключевых приоритетов современного образования. Массово-информационные тексты позволяют студентам установить связь с реальной жизнью, осознанно воспринимать разнообразные информационные потоки, циркулирующие в обществе. Такой подход направлен на углубление мыслительной деятельности обучающихся и развитие их способности оценивать достоверность данных по сравнению с традиционными учебными материалами. Исследование проводилось среди студентов специальности «Два иностранных языка» Астанинского международного университета и включало две группы — контрольную и экспериментальную. Экспериментальная группа работала с медиатекстами различных форматов (новости, рекламные материалы, публикации в социальных сетях, видеоконтент). Сравнение результатов предварительного и итогового тестирования показало значительное улучшение умений студентов анализировать информацию, оценивать аргументы и определять авторскую позицию ($p < 0,01$). Кроме того, возрос интерес и активность обучающихся на занятиях, а результаты рефлексии подтвердили формирование у них навыков критического восприятия информации. Результаты исследования свидетельствуют о том, что интеграция медиатекстов в образовательный процесс является эффективным инструментом развития аналитических, когнитивных и коммуникативных компетенций студентов.

Ключевые слова: массмедиа, медиаграмотность, критическое мышление, медиатекст, средства массовой информации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ulu-Aslan, E., Baş, B. Popular culture texts in education: The effect of tales transformed into children's media on critical thinking and media literacy skills [Текст] // Thinking Skills and Creativity. – 2023. – №47. – P. 101202.
2. Endah Tri Priyatni, Didik Nurhadi, Ahmad Rofiuddin, Sultan. Development of Mass Media Text-Based Instructional Materials to Improve Critical Reading Skills of University Students [Текст]. – 2023.
3. Facione, P. A. Critical Thinking: What It Is and Why It Counts [Текст]. – Insight Assessment, 2015. – 28 p.
4. Buckingham, D. Teaching Media in a Digital Age [Текст]. – Cambridge : Polity Press, 2019. – 210 p.
5. Thoman, E., Jolls, T. Literacy for the 21st Century: An Overview & Orientation Guide to Media Literacy Education [Текст]. – Los Angeles : Center for Media Literacy, 2005. – 58 p.
6. Paul, R., Elder, L. The Miniature Guide to Critical Thinking Concepts and Tools [Текст]. – Dillon Beach, CA : Foundation for Critical Thinking, 2014. – 24 p.
7. Ennis, R. H. Critical Thinking Across the Curriculum: A Vision [Текст] // Topoi. – 2018. – Т. 37, №1. – С. 165–184.
8. Kellner, D., Share, J. Critical Media Literacy, Democracy, and the Reconstruction of Education [Текст] // Media Literacy Education. – 2007. – Т. 1, №1. – С. 3–23.
9. Таханов, С. Ш., Хуссайнова, А. К. Trends in the development of media literacy in Kazakhstan in the context of globalization of the media space [Текст] // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series. – 2024. – Т. 149, №4. – С. 34–50.
10. Yeleussiz, A., Qanay, G. Media Literacy in Kazakhstan: Educators' Perspectives and Policy Implementation [Текст] // Journal of Curriculum Studies Research. – 2025. – Т. 7, №1.
11. Елубаева, П., Худиярова, Ш., Тлеубай, С. The Role of Media Literacy in Promoting Critical Communication Skills in Language Teaching Classrooms [Текст]. – 2023.

Mass media texts in the development of critical thinking skills of students

Zhali A. Z.¹, Niyazova A. E.²

¹Master's student, Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan, 010002, <https://orcid.org/0009-0002-0868-9503>, E-mail: zhaliasylzat4@gmail.com

²Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan, 010002, <https://orcid.org/0000-0003-1440-800X>, E-mail: naigul73@mail.ru

This study analyzes the effectiveness of using learning materials based on mass media texts in developing university students' critical thinking skills. In the context of the rapid growth of information in the 21st century, media literacy and critical thinking have become among the main priorities of modern education. Media texts help students connect learning with real life and consciously interpret the diverse information flows that circulate in society. This approach, compared to traditional teaching materials, aims to deepen students' thinking and enhance their ability to evaluate and interpret data critically. The research was conducted among students majoring in "Two Foreign Languages" at Astana International University and involved two groups — control and experimental. The experimental group worked with various types of media texts (news articles, advertisements, social media posts, and video materials). A comparison of the pre-test and post-test results showed a significant improvement in students' abilities to analyze information, evaluate

arguments, and identify the author's stance ($p < 0.01$). In addition, students demonstrated increased interest and engagement during classes, while reflection results confirmed the formation of critical awareness and evaluative judgment. The findings indicate that integrating media texts into the educational process serves as an effective tool for developing university students' analytical, cognitive, and communicative skills.

Keywords: mass media, media literacy, critical thinking, media text, information sources.

REFERENCES

1. Ulu-Aslan, E., Baş, B. Popular culture texts in education: The effect of tales transformed into children's media on critical thinking and media literacy skills [Text]. In *Thinking Skills and Creativity*. – 2023. – № 47. – P. 101202.
2. Endah Tri Priyatni, Didik Nurhadi, Ahmad Rofiuddin, Sultan. Development of Mass Media Text-Based Instructional Materials to Improve Critical Reading Skills of University Students [Text]. – 2023.
3. Facione, P. A. Critical Thinking: What It Is and Why It Counts [Text]. – Insight Assessment, 2015. – 28 p.
4. Buckingham, D. Teaching Media in a Digital Age [Text]. – Cambridge : Polity Press, 2019. – 210 p.
5. Thoman, E., Jolls, T. Literacy for the 21st Century: An Overview & Orientation Guide to Media Literacy Education [Text]. – Los Angeles : Center for Media Literacy, 2005. – 58 p.
6. Paul, R., Elder, L. The Miniature Guide to Critical Thinking Concepts and Tools [Text]. – Dillon Beach, CA : Foundation for Critical Thinking, 2014. – 24 p.
7. Ennis, R. H. Critical Thinking Across the Curriculum: A Vision [Text]. In *Topoi*. – 2018. – Vol. 37, № 1. – P. 165–184.
8. Kellner, D., Share, J. Critical Media Literacy, Democracy, and the Reconstruction of Education [Text]. In *Media Literacy Education*. – 2007. – Vol. 1, № 1. – P. 3–23.
9. Takhanov, S. Sh., Khussainova, A. K. Trends in the development of media literacy in Kazakhstan in the context of globalization of the media space [Text]. In *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series*. – 2024. – Vol. 149, № 4. – P. 34–50.
10. Yeleussiz, A., Qanay, G. Media Literacy in Kazakhstan: Educators' Perspectives and Policy Implementation [Text]. In *Journal of Curriculum Studies Research*. – 2025. – Vol. 7, № 1.
11. Yelubayeva, P., Khudiyarova, Sh., Tleubai, S. The Role of Media Literacy in Promoting Critical Communication Skills in Language Teaching Classrooms [Text]. – 2023.